# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 шілдедегі N 724 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 қыркүйектегі N 1383 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 мамырдағы № 427 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.05.18 № 427 Қаулысымен.

"Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 шілдедегі N 724 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2003 ж., N 30, 294-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі туралы ережеде:

14-тармақта:

жиырма сегізінші абзацтағы "веб-сайттарын" деген сөздер "интернет-ресурстарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

отыз үшінші абзацта:

"ақпараттық жүйелерді" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

"электрондық үкімет" қалыптастыруда" деген сөздер "мемлекеттік органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"депозитке беруді тіркеу, беру, сақтау, оның толықтығын қамтамасыз ету және депозитарийге бағдарламалық өнімдерді, бағдарламалық кодтарды және нормативтік-техникалық құжаттаманы тіркеу, беру және сақтау туралы мәліметтерді ұсыну тәртібін бекіту.".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК